

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 3 шілдедегі № 153 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 4 шілдеде № 36397 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17705 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар

қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары";

1 және 2-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 63) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына (бұдан әрі – ТЖКОББ) оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.

2. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына бастауыш ("Хореография өнері" мамандығы (біліктілігі – "Балет әртісі") бойынша кадрлар даярлау үшін), негізгі орта, жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік), жоғары білімі (жоғары кәсіптік) бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар, босқындар, пана іздеуші адамдар, қандастар, сондай-ақ білім туралы құжаты (куәлік, аттестат) бар ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдар қабылданады.

Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (жоғары кәсіптік) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар, босқындар, пана іздеуші адамдар, қандастар, сондай-ақ білім туралы құжаты (куәлік, аттестат) бар ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдар қабылданады.";

3-тармақтың екінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"Арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілердің, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің балаларын (оның ішінде асырап алған ұлдарын, асырап алған қыздарын, бірге тұратын өгей ұлдары мен өгей

қыздарын) олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысы беріліп және (немесе) білім беру гранты беріле отырып, олардың өтініші негізінде конкурстан тыс жүзеге асырылады.";

2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі";

9-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) бойынша білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша, арнайы оқу бағдарламалары бойынша ТжКОББ ұйымдарына, рухани (діни) білім беру ұйымдарына, қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі сотталғандар үшін, сондай-ақ техникалық және кәсіптік (жұмыс біліктілігі), орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар мамандығының бейініне сәйкес орта буын мамандықтарына түсушілерді оқуға қабылдау ТжКББ ұйымының жобалық мүмкіндігін ескере отырып, тұлғалардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады. Жобалық мүмкіндік Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29323 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 381 бұйрық) бекітілген Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына сәйкес айқындалады.";

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Тұлғалардың ТжКОББ ұйымдарында оқуға өтініштерін қабылдау:

1) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша, арнайы оқу бағдарламалары бойынша рухани (діни) білім беру ұйымдарына түсушілер үшін, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі сотталғандар үшін - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 27 тамызы аралығында, оқудың кешкі нысанына - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында;

2) орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша: мемлекеттік тапсырыс бойынша оқудың күндізгі нысанына негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 22 тамызы аралығында, ақылы негізде күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 27 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 шілдесі аралығында, педагогикалық, медициналық мамандықтар бойынша негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 10 тамызы аралығында жүзеге асырылады.";

36-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"36. Педагогикалық, медициналық мамандықтарға түсуші адамдар үшін арнаулы және/немесе шығармашылық емтихандар, сондай-ақ психометриялық тестілеу күнтізбелік жылдың 15 тамызына дейін негізгі орта, жалпы орта білім базасында шығармашылық даярлықты талап ететін мамандықтарға түсушілер үшін күнтізбелік жылдың 21 - 28 шілдесі аралығында өткізіледі.";

51-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"51. Конкурса қатысу үшін негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру базасында (білім беру, мәдениет және спорт салаларындағы уәкілетті органдардың құзыретіндегі ТжКОББ ұйымдарын қоспағанда) оқуға түсушілер күнтізбелік жылдың 22 тамызына дейін осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес өтініш береді.";

54-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"54. Конкурсты ҰБДБ ақпараттық жүйесі (білім, мәдениет және спорт салаларындағы уәкілетті органдардың құзыретіндегі ТжКОББ ұйымдарын, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі сотталғандарды қоспағанда) талапкерлерді білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндердің орташа конкурстық балы бойынша автоматты түрде бөлу арқылы, педагогикалық, медициналық мамандықтарға, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсушілер үшін білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндер бағаларының орташа балы бойынша және ТжКОББ ұйымы өткізген арнайы және/немесе шығармашылық емтихандардың нәтижелеріне сәйкес алынған бағалардың (балдардың) орташа балы бойынша, сондай-ақ қабылдау квотасын ескере отырып өткізеді.";

57-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"57. Мемлекеттік тапсырыс бойынша негізгі орта және жалпы орта білім беру, ТжКОББ базасында оқуға түсушілер арасындағы Конкурс күнтізбелік жылдың 23-24 тамызы аралығында, ақылы негізде 28-29 тамыз, шығармашылық дайындықты талап

ететін мамандықтар бойынша 29 шілде мен 2 тамызы аралығында, педагогикалық және медициналық мамандықтарға түсушілер үшін негізгі орта, жалпы орта білім және ТжКОББ базасында 16-17 тамыз аралығында өткізіледі.";

63 және 64-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"63. Мемлекеттік тапсырыс бойынша бөлінбеген орындар, мамандықтар бойынша жинақталмаған топтар (өнер және мәдениет, денсаулық сақтау мамандықтарын қоспағанда кемінде 15 адам), қамтылмаған талапкерлер болған жағдайда, күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін № 381 бұйрыққа сәйкес мамандықтар мен ТжКОББ ұйымдары бойынша мемлекеттік тапсырыс қайта бөлінеді.

ҰБДБ ақпараттық жүйесі автоматты түрде бөлу арқылы білім басқармаларына ТжКОББ ұйымдарына қабылдау үшін талапкерлерді бөлу қорытындыларын:

білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша ТжКОББ ұйымдарында оқу үшін әңгімелесуден сәтті өткен адамдардың тізімін;

кәсіпорындардың өтінімдері, сондай-ақ арнайы оқу бағдарламалары бойынша кадрлар даярлау үшін әңгімелесуден сәтті өткен адамдардың тізімін;

орта буын және қолданбалы бакалавр мамандықтары бойынша оқуға конкурстан өткен адамдардың тізімін жібереді.

64. Білім басқармасы негізгі орта, жалпы орта білім беру, ТжКОББ базасында оқуға түсушілер арасында Конкурс қорытындыларын ресми интернет-ресурстарда күнтізбелік жылдың 25 тамызында, өнер және мәдениет мамандықтарына – күнтізбелік жылдың 3 тамызында, негізгі орта, жалпы орта білім және ТжКОББ базасында педагогикалық және медициналық мамандықтарға – күнтізбелік жылдың 18 тамызында жариялайды, сондай-ақ талапкерлерді Порталдың 1414 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы SMS хабарламамен Конкурс қорытындылары туралы хабардар етеді.";

66-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"66. Орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау ТжКОББ ұйымы басшысының бұйрығымен қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасы негізінде:

1) күндізгі оқу нысанына - күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін;

2) оқудың кешкі және сырттай нысанына - күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін;

3) мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органның құзыретіндегі ТжКОББ ұйымдарына күнтізбелік жылдың 10 тамызына дейін;

4) кәсіпорындардың (ұйымдардың, мекемелердің) өтінімдері бойынша күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін жүргізіледі.";

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымшаның жоғары оң бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

"Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 2-қосымша";

3-қосымшаның жоғары оң бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

"Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 3-қосымша";

4-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-қосымшаның жоғары оң бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

"Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске

асыратын білім беру
ұйымдарына оқуға қабылдаудың
үлгілік қағидаларына
5-қосымша";

6-қосымшаның жоғары оң бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

"Олимпиадалық резервтің
республикалық, облыстық,
республикалық маңызы бар
қалалардың, астананың
мамандандырылған мектеп-
интернат-колледждері және
спорттағы дарынды балаларға
арналған облыстық,
республикалық маңызы бар
қалалардың, астананың мектеп-
интернаттарын қоспағанда,
техникалық және кәсіптік, орта
білімнен кейінгі білімнің білім
беру бағдарламаларын іске
асыратын білім беру
ұйымдарына оқуға қабылдаудың
үлгілік қағидаларына
6-қосымша";

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі

Г. Бейсембаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және ақпарат министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2025 жылғы 3 шілдедегі
№ 153 бұйрығына
1-қосымша
Олимпиадалық резервтің
республикалық, облыстық,
республикалық маңызы бар
қалалардың, астананың
мамандандырылған мектеп-
интернат-колледждері және
спорттағы дарынды балаларға
арналған облыстық,
республикалық маңызы бар
қалалардың, астананың мектеп-
интернаттарын қоспағанда,
техникалық және кәсіптік, орта
білімнен кейінгі білімнің білім
беру бағдарламаларын іске
асыратын білім беру
ұйымдарына оқуға қабылдаудың
үлгілік қағидаларына
1-қосымша

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары; 2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал).
		Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша түсетін

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі

көрсетілетін қызметті алушылар үшін:

1) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша, арнайы оқу бағдарламалары бойынша рухани (діни) білім беру ұйымдарына түсушілер үшін, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі сотталғандар үшін - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 27 тамызы аралығында, оқудың кешкі нысанына - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында;

2) орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша: мемлекеттік тапсырыс бойынша оқудың күндізгі нысанына негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 22 тамызы аралығында, ақылы негізде күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 27 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 шілдесі аралығында, педагогикалық, медициналық мамандықтар бойынша негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 10 тамызы аралығында жүзеге асырылады;

3) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 минут;

4) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 минут.

4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электронды / (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымына құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат не Тізбенің 9-тармағында жазылған негіздерге сәйкес құжаттарды одан әрі қараудан дәлелді бас тарту және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қолхат беру. Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында хабарлама және СМС хабарлама жолданады.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	тегін
7	Жұмыс кестесі	көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда көрсетілетін қызмет берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, сағат 13.00-ден 15.00-ге дейінгі түскі үзіліспен, сенбі күні сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін. портал: жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру

		келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің www.edu.gov.kz интернет-ресурсында; 2) www.egov.kz порталында орналасқан.
		көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде: 1) құжаттарды қабылдау туралы өтініш; 2) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы; 3) 3х4 см көлеміндегі цифрлық фотосурет; 4) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21759 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) бекітілген № 075-У нысаны (бұдан әрі - № 075-У) бойынша медициналық анықтама, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар мен бала жасынан мүгедектігі бар адамдар үшін № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 031-У нысаны (бұдан әрі - № 031-У) бойынша медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы; 5) арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) салдарынан мүгедектік белгіленген әскери

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

қызметшілердің, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің балаларын (оның ішінде асырап алған ұлдарын, асырап алған қыздарын, бірге тұратын өгей ұлдары мен өгей қыздарын) мәртебесін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі

6) цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (тұлғаны салыстыру үшін).

Көрсетілетін қызметті алушылар – шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар олардың мәртебесін айқындайтын, тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

1) шетелдік – шетелдіктің (заңды өкіл) Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты;

2) азаматтығы жоқ тұлға – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;

3) босқын – босқын куәлігі;

4) пана іздеуші тұлға – пана іздеуші тұлғаның куәлігі;

5) қандас – қандас куәлігі.

Порталға:

1) көрсетілетін қызметті алушының нақты тұрғылықты жері көрсетілген, оның өкілінің ЭЦҚ қойылған көрсетілетін қызметті алушының ата-анасының (немесе оның заңды өкілдерінің) бірінің электрондық құжат нысанындағы өтініші;

2) электрондық түрдегі білім туралы құжат;

3) № 075-У нысаны бойынша электрондық медициналық анықтаманың, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар мен бала жасынан мүгедектігі бар адамдар үшін № 031-У нысаны бойынша медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысының электрондық көшірмелері;

4) арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза

тапқан (қайтыс болған) немесе мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілердің, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің балаларын (оның ішінде асырап алған ұлдарын, асырап алған қыздарын, бірге тұратын өгей ұлдары мен өгей қыздарын) мәртебесін растайтын электрондық құжат

5) 3x4 см көлеміндегі цифрлық фотосурет;

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат, білімі туралы құжат, медициналық анықтамалары көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі, онда:

1) тапсырылған құжаттардың тізбесі;

2) құжаттарды қабылдап алған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, сондай-ақ байланыс деректері көрсетіледі.

Белгілі бір аумақта тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда көрсетілетін қызметті алушылар осы тармақтың бірінші абзацының

4) тармақшасында және екінші абзацының 3) тармақшасында

		көрсетілген құжаттарды шектеу іс-шараларының алынуына, төтенше жағдайдың тоқтатылуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына ұсынады.
9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті материалдар, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіз болып табылады; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы; 4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	1) Көрсетілетін қызметті алушы электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда электрондық нысанда портал арқылы немесе көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы ұсынған абоненттік нөмірін порталдың есептік жазбасына тіркеген және қосқан жағдайда бір реттік парольмен куәландырылған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алады; 2) Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету

		тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметтері, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы "1414", 8 800 080 7777 арқылы алады.
--	--	--

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2025 жылғы 3 шілдедегі
№ 153 бұйрығына
2-қосымша
Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына
4-қосымша

Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының коды	Мамандықтың атауы	Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны	
		Негізгі орта (жалпы негізгі) білім базасында, бастауыш ("Хореография өнері" мамандығы (біліктілігі "Балет әртісі")) білім базасында	Орта (жалпы орта) білім базасында
011 Образование			
01120100	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)
01130100	Логопедия	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу

01130100	Тәрбие жұмысын ұйымдастыру (деңгейлері бойынша)	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу
01130200	Қосымша білім беру	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу
01140100	Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)
01140200	Музыкалық білім беру	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу. Музыкалық шығарманы орындау	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу. Музыкалық шығарманы орындау
01140300	Көркем еңбек	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу
01140500, 01140200	Дене тәрбиесі және спорт	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу
01140600, 01140300	Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)
01140700, 01140400	Информатика	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу
01140800, 01140500	Кәсіптік оқыту (салалар бойынша)	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)
021 Өнер			

02110200	Дыбыс операторлық шеберлік	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, сольфеджиодан ауызша емтихан	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, сольфеджиодан ауызша емтихан
02110300, 02110100	Графикалық және мультимедиялық дизайн	Сурет/кескіндеме	Сурет/кескіндеме
02110400, 02110200	Баспа ісі	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу
02110500, 02110300	Полиграфиялық және орау өндірісінің технологиясы	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу
02120100	Интерьер дизайны	Сурет және кескіндеме	Сурет және кескіндеме
02120200	Киім дизайны	Сурет және кескіндеме,	Сурет және кескіндеме
02120300	Өнеркәсіп өнімдерінің дизайны	Сурет және кескіндеме	Сурет және кескіндеме
02140100	Қалпына келтіру (түрлері бойынша)	Сурет және кескіндеме	Сурет және кескіндеме
02130100	Кескіндеме, мүсін және графика (түрлері бойынша)	Сурет/кескіндеме, композиция	Сурет/кескіндеме, композиция
02130200	Каллиграфия	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу
02140100	Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша)	Сурет/кескіндеме, композиция	Сурет/кескіндеме, композиция
02140200	Зергерлік іс	Сурет/кескіндеме, композиция	Сурет/кескіндеме, композиция
02150100	Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)	Музыкалық шығарма орындау, сольфеджиодан ауызша емтихан	Музыкалық шығарма орындау, сольфеджиодан ауызша емтихан
02150200	Музыка теориясы	Сольфеджиодан ауызша емтихан, музыка әдебиетінен ауызша емтихан	Сольфеджиодан ауызша емтихан, музыка әдебиетінен ауызша емтихан
02150300	Вокалдық өнер	Музыкалық шығарма орындау, сольфеджиодан ауызша емтихан	Музыкалық шығарма орындау, сольфеджиодан ауызша емтихан
02150400	Хорды дирижерлау	Музыкалық шығарма орындау, сольфеджиодан ауызша емтихан	Музыкалық шығарма орындау, сольфеджиодан ауызша емтихан
02150500	Актерлік өнер	Актерлік шеберлік, сахна тілі	Актерлік шеберлік, сахна тілі
02150600	Цирк өнері	Акробатика/гимнастика, эквилибристика	Акробатика/гимнастика, эквилибристика
		Кәсіби жарамдылық (сыртқы сахналық және кәсіби физикалық параметрлері). Сахналық	Кәсіби жарамдылық (сыртқы сахналық және кәсіби физикалық параметрлері). Сахналық

02150700	Хореографиялық өнері	қойылым (би үйлесімділігі, әртіс өнері, музыкалық-ырғақтық қабілеті)	қойылым (би үйлесімділігі, әртіс өнері, музыкалық-ырғақтық қабілеті)
02150800	Театр-декорациялық өнері (бейін бойынша)	Сурет/кескіндеме, композиция	Сурет/кескіндеме, композиция
02150900, 02150100	Әлеуметтік-мәдени қызмет (түрлері бойынша)	Экзерсис пен комбинация (немесе этюдтар және қойылымдар), Шығармашылық қабілеттерін айқындау	Экзерсис пен комбинация (немесе этюдтар және қойылымдар), Шығармашылық қабілеттерін айқындау
02151000, 02150200	Халықтық көркем шығармашылығы (түрлері бойынша)	Экзерсис пен комбинация (немесе этюдтар және қойылымдар), Шығармашылық қабілеттерін айқындау	Экзерсис пен комбинация (немесе этюдтар және қойылымдар), Шығармашылық қабілеттерін айқындау
02210100	Исламтану	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу
02210200	Теология	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу
02210300	Хадистану	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу
03220100	Библиотечное дело	Әдебиет бойынша ауызша емтихан	Әдебиет бойынша ауызша емтихан
071 Инженерия және инженерлік іс			
07310100	Архитектура	Сурет және кескіндеме	Сурет және кескіндеме
07310400	Дизайн, азаматтық ғимараттарды жобалау, қалпына келтіру, қайта құру	Сурет және кескіндеме	Сурет және кескіндеме
07310500	Ландшафтық дизайн	Сурет және кескіндеме	Сурет және кескіндеме
091 Денсаулық сақтау			
09110100	Стоматология	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін тестілеу және профильді пән бойынша арнайы емтихан	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін тестілеу және профильді пән бойынша арнайы емтихан
09120100	Лечебное дело	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін тестілеу және профильді пән бойынша арнайы емтихан	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін тестілеу және профильді пән бойынша арнайы емтихан
09130100	Емдеу ісі	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін тестілеу және профильді пән бойынша арнайы емтихан	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін тестілеу және профильді пән бойынша арнайы емтихан
			Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін тестілеу

09130200	Акушерлік іс	-	және профильді пән бойынша арнайы емтихан
09140100	Лабораториялық диагностика	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін тестілеу және профильді пән бойынша арнайы емтихан	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін тестілеу және профильді пән бойынша арнайы емтихан
09160100	Фармация	-	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін тестілеу және профильді пән бойынша арнайы емтихан
09880100	Гигиена және эпидемиология	-	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін тестілеу және профильді пән бойынша арнайы емтихан